

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 9 сәуір

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Әзербайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Назарларыңызға «Әзербайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Аталған келісімге 2024 жылғы 13 қарашада Баку қаласында үш мемлекеттің басшылары қол қойған болатын.

Қаралып отырған келісімнің мақсаты – жаңартылатын энергия көздерін дамыту саласында үш мемлекет арасындағы ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестіктің құқықтық негізін қалыптастыру.

Құжат энергетикалық жүйелерді біріктіруге және «таза» энергияны Еуропаға және басқа өңірлерге транзиттеуді ұйымдастыруға негіз қалайды.

Келісім электр энергиясын сенімді әрі үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін техникалық және коммерциялық шарттарды белгілейді. Бұл Қазақстанға экспорт бағыттарын әртараптандыруға және Қара теңіздегі суасты электр энергиясы желісі жобасы арқылы Еуропа одағының жасыл энергия нарығына шығуға мүмкіндік береді.

Заң сондай-ақ экологиялық таза сутегі мен аммиакты өндіру және тасымалдау саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге жол ашады. Бұл – көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі ұлттық стратегиямызды іске асырудағы маңызды қадам.

Келісім аясында басқарудың институционалдық тетігін құру және салалық ведомстволар деңгейінде басқарушы комитет қалыптастыру көзделген. Бұл комитет бірлескен жоспарлардың орындалуын бақылау үшін жылына кемінде екі рет жиналатын болады.

Келісімді ратификациялау еліміздің өңірлік энергетикалық хаб ретіндегі мәртебесін нығайтуға және төмен көміртекті өнім экспорттау арқылы экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Айта кету керек, келісім тек электр энергиясын жеткізумен шектелмейді, сонымен қатар «жасыл» сутегі мен аммиак салаларын дамытуға серпін береді. Қазақстанда 2040 жылға дейінгі сутегі энергетикасын дамыту жөніндегі жаңартылған тұжырымдама қабылданғанын ескерсек, бұл бағыттың маңызы арта түседі.

Бүгінгі таңда Қазақстан жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) әлеуетін белсенді түрде арттыруда. Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес 2026 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша елде жалпы қуаты 3 мың 607 мегаватт болатын 164 жаңартылған энергия көздері нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 68 жел электр станциясы, 50 күн электр станциясы, 43 су электр станциясы және 3 биогаз электр станциясы бар.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша жасыл энергия өндіру көлемі 8,6 миллиард киловатт-сағатты құрады, бұл елдегі жалпы өндіріс көлемінің 7 пайызына тең.

Аталған энергетикалық дәлізді іске қосу Каспий өңірі мен Орталық Азияның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану үшін өңірлік серіктестермен күш біріктіруге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Заңды қарау барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғандарды ескере келе Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Заңның 29-бабы 7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Әзербайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ Е.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым Энергетика министрлігіне.

Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда, әсіресе Каспий теңізі арқылы және Қара теңіз бағытында энергетикалық инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру барысында туындауы ықтимал тәуекелдер мен қауіптер жан-жақты бағалануы тиіс деп санаймын. Осыған байланысты нақты сұрағым бар.

Аталған келісім шеңберінде Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұлттық мүдделерін қорғау және төтенше немесе дағдарыстық жағдайларда ішкі нарықтың басымдығын сақтау үшін қандай нақты құқықтық және институционалдық тетіктер көзделген? Сонымен қатар бұл келісімнің Париж келісімі аясындағы Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін орындауға қосатын нақты үлесі қандай? Бұл бастаманың декларативті сипатта қалып қою қаупі жоқ па? Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Жаркешов Санжар Серікбайұлы, жауап беріңіз.

ЖАРКЕШОВ С.С. Құрметті Амангелді Шайхоллаұлы, құрметті әріптестер! Жалпы, бұл мегажоба болғандықтан әртүрлі тәуекелдер бар, әрине. Сіздің сұрағыңызға жауап беру үшін әртүрлі факторлардың нәтижелерін айқындау керек.

Бірінші геосаяси факторларға байланысты Каспий теңізінде жасалатын барлық жобалардың ықтималдығын көбейту үшін тұжырымдама жұмыстарын жасау керек. Тарифті қалыптастыру мәселесі, осы жобаның жалпы құны, әртүрлі сценарийлерді қарастыру үшін қазіргі уақытта техникалық-экономикалық негіздеме жұмыстары жасалуға дайын, әртүрлі сценарий бойынша қаржылық моделін де қарастырдық. Енді сол сценарийлердің нәтижесінде кезең-кезеңмен шешім қабылдауымыз керек. Сондықтан осы жұмыстарды атқару үшін қазіргі уақытта итальяндық «CESI» компаниясымен жұмыс атқарылуда және де халықаралық қаржы институттарымен жұмыс атқарылуда, гранттар берілген. Сол жұмыстардың нәтижесі бойынша осы тәуекелдер азаяды деген үмітіміз бар. Жалпы практикалық түрде қарайтын болсақ, бұл жоба тек қана тұжырымдамалық деңгейде емес, практикалық деңгейге көшкен.

Біріншіден, мемлекетаралық шарттық база қалыптастырылған. Осының арқасында үш мемлекеттің арасында жұмыстар басталып кетті.

Екіншіден, паритеттік негізде үш мемлекеттің арасында бірлескен кәсіпорын құрылды және итальяндық «CESI» компаниясы техникалық-экономикалық негіздеме жұмысын Қара теңізде тура осындай жоба бойынша жүзеге асырып жатыр. Каспий теңізіне қатысты бізге де бұның жұмысы тиімді. Жалпы шетелдік халықаралық қаржы институттары грант бөліп, техникалық-экономикалық негіздеме бойынша тегін жұмыс басталып кетті. Біздің ойымызша қазіргі уақытта бұл практикалық деңгейге көшті, сондықтан осындай тәуекелдер азайып жатыр.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Сұрағым Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің өкіліне.

Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы келісім – Каспий теңізі арқылы суасты кабелін тарту және одан әрі Қара теңіз арқылы Еуропа одағына шығуды көздейтін трансаймақтық «жасыл энергетикалық дәлізді» құруды көздейтін негіздемелік құжат болып табылады.

Каспий теңізінің түбімен жоғары кернеулі кабель тарту күрделі әрі қымбат инженерлік жоба. Жоба энергия өндіру және жеткізу инфрақұрылымына қомақты инвестициялар тартуды талап етеді, бұл өз кезегінде қаржылық жүктеме туындатады. Осыған байланысты келесі сұрақтар туындайды.

Келісім шеңберінде жобалардың экономикалық тиімділігін қалай қамтамасыз ету жоспарлануда, оның ішінде инвестициялардың өтелімділігіне қандай кепілдіктер беріледі және тәуекелдер тараптар арасында қалай бөлінеді? Рақмет.

ТӨРАҒА. Санжар Серікбайұлы, жауап беріңіз.

ЖАРКЕШОВ С.С. Рақмет.

Құрметті Жанболат Әкебайұлы, сұрағыңыз өте орынды. Өйткені бұл мегажоба болғандықтан осы жасалатын капекстің (CAPEX) ары қарай өзінің өтелімділігі өте өзекті. Біз, Энергетика министрлігінің өкілдері осы мәселе бойынша 5 наурызда үш мемлекет тарапынан Бакуде жиналды, оған әртүрлі органдар қатысты.

Осы жобаны іске асыру үшін жалпы бүгінгі ратификация жасалып жатқан үкіметаралық келісім біріншіден, халықаралық құқықтық және институционалдық негізді қалыптастырды. Сондықтан біз қуанып отырмыз. Осының арқасында жобаның құны, тариф, транспорттық тариф, қаржылық моделі айқындалады. Ең басты мәселе офтейк-контрактілер. Еуропа одағындағы мемлекеттердің осы кабель арқылы өтетін электр энергияны қандай бағамен алуға дайын екені айқындалып жатыр, көптеген мемлекеттермен қазір келіссөздер жүргізіліп жатыр, маркетинг жұмыстары жасалып жатыр. Сондықтан осы техникалық-экономикалық негіздеме жұмысы көп нәрсені айқындайды. Бастапқы инвестицияның өтелімділігі тарифтің арқасында қамтамасыз етілетін болады.

ТӨРАҒА. Санжар Серікбайұлы, Каспийдің түбінде кабель тартылады ғой. Енді осы жобаның аясында бәрі ойдағыдай жүзеге асып жатса ол арқылы электр энергиясы тасымалданады. Сол электр энергиясын кім өндіреді? Біздің өзімізде қазір электр энергиясы дефицит болып жатыр, өзбектерде де бұл мәселе бар. Әзербайжанға, ары қарай Еуропаға жіберу үшін электр энергиясы керек қой. Сол электр энергиясы қайдан шығады?

Инфрақұрылым жайы түсінікті, бірақ электр энергиясының көзі керек қой. Соған байланысты жауап берсеңіз.

ЖАРКЕШОВ С.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бұл өте күрделі сұрақ. Қазіргі уақытта Энергетика министрлігі қуаты 26 гигаватт болатын жаңа жобаларды жүзеге асыруды айқындады. Оның ішінде көптеген жоба жаңартылатын энергия көздеріне байланысты болады. Қазіргі уақытта шамамен 2025 жылдың соңғы кезеңімен салыстырып қарағанда біздің энергия баланс 7 пайыз

жаңартылатын энергия көздерінен құралады. Алайда алдымыздағы 26 гигаваттың ішінде және де 2032 жылға дейінгі жаңа жобалардың арасында шамамен 6 гигаватт жаңа жаңартылатын көздерге байланысты жобалар жүзеге асырылатын болады. Жалпы айтқанда біз профициттік деңгейге жететін боламыз, сондықтан бізде электр энергиясынан дефицит болмайды.

Екіншіден, үш мемлекет болғандықтан Өзбекстаннан келетін жаңартылған энергия көздерінен жасалатын жобалардан да электр энергиясы бірінші Қазақстанға тасымалданады, содан ары қарай Каспий арқылы Өзбекстанға, Еуропаға жеткізілетін болады. Сондықтан біздің болжамымыз бойынша келесі бесжылдық, жетіжылдықта Өзбекстанның және Қазақстанның энергия балансында жаңартылатын энергия көздерінің электр энергиясы көп болады.

Тағы да бір айтатын жайт. Наурызда Бакуде жиналған бетте айқындалды, бұл жоба арқылы тек қана жасыл энергетика емес, басқа да энергия көздерінен электр энергиясын жеткізуге мүмкіндік пайда болады. Неге? Өйткені қазіргі уақытта прагматизмге байланысты Еуропа одағындағы жаңа энергетика саясатына қарасақ, тек қана жасыл энергетика емес, энергетиканың барлық энергия ресурстары, яғни барлық түрлері де қарастырылып жатыр. Сондықтан бұл жобаның ауқымы үлкеюі мүмкін, әртүрлі энергия ресурстардан да электр энергиясы жеткізілуі мүмкін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым Энергетика министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған келісім тараптар арасындағы ынтымақтастықты үйлестіру және басқару тетіктерін құруды, оның ішінде басқарушы комитет пен жұмыс тобын құруды көздейді, сондай-ақ олардың жұмыс істеу және шешім қабылдау тәртібін анықтайды. Бұл органдар уағдаластықтарды іс жүзінде іске асыруда және бірлескен жобаларды дамытуда шешуші рөл атқарады. Осыған орай менде келесідей сұрақтар туындайды.

Бірінші. Келісімді іске асыру шеңберінде басқарушы комитетке қандай өкілеттіктер мен функциялар жүктелген?

Екінші. Жұмыс тобы қалай қалыптастырылады және жұмыс істейді, ол қандай міндеттерді орындайды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Санжар Серікбайұлы, жауап беріңіз.

ЖАРКЕШОВ С.С. Құрметті Мұрат Болатұлы, сұрағыңызға рақмет.

Келісімді іске асыру үшін үкіметаралық келісімнің шеңберінде паритеттік негізде үш мемлекеттің арасында басқарушы комитет құрылатын болады.

Бірінші функция – үйлестіру жұмысы. Үш мемлекеттің арасында әртүрлі тараптардан өзара іс-қимыл көп болады. Тек қана Энергетика министрлігі емес, бұл жүйелік операторлардың жұмысы, сондықтан оған әртүрлі эксперттер қатысады.

Екінші функция – шешім қабылдау. Жаңа айтқандай, тұжырымдамаға байланысты, техникалық-экономикалық негіздемеге байланысты, тәуекелдерді азайтуға байланысты кезең-кезеңмен шешім қабылдайтын болады. Сондықтан бұл комитеттің басты рөлінің бірі шешім қабылдау. Өйткені әртүрлі кезеңде әртүрлі шешімдер қабылдау керек.

Жаңа айтылғандай, негізі бұл комитет жылына кемінде екі рет жиналатын болады, әртүрлі энергетика саласының мамандары, консультанттар қатысатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сүйіндік Тасеменұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Әлемдік энергетикадағы қарқынды өзгерістер жағдайында энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету және инновациялық экспорттық бағыттарды құру еліміздің дамуының негізгі бағыттары ретінде айқындалады.

Келісімнің негізгі мақсаты – жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндіруді, оны транзиттеуді және халықаралық нарықтарға, оның ішінде Еуропа елдеріне экспорттауды қамтамасыз ететін «жасыл энергетикалық дәлізді» қалыптастыру.

Жоба кешенді сипатқа ие және бірнеше стратегиялық маңызды бағыттарды қамтиды.

Бірінші бағыт – трансшекаралық энергетикалық интеграция. Осы бағыт аясында Каспий теңізінің түбі арқылы жоғары кернеулі тереңсулы кабель тарту жобасын іске асыру жоспарлануда. Бұл бірыңғай энергетикалық дәліз құруға және Қазақстан мен Өзбекстаннан жасыл электр энергиясын Әзербайжанға экспорттап, әрі қарай Еуропа нарықтарына шығаруға мүмкіндік береді.

Екінші бағыт – басқару архитектурасы. Ол «Yasil Dəhliz Birliyi» бірлескен кәсіпорны қызметіне негізделген, онда тараптардың үлестері тең бөлінген: әр елге 33,3 пайыздан тиесілі. Бұл әріптестіктің тең құқықты әрі өзара тиімді сипатын көрсетеді.

Үшінші бағыт – экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық. Жоба Азия даму банкі мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкінен 2 миллион АҚШ доллары көлемінде гранттық қолдау алды. Бұл бастаманың жоғары маңыздылығын және жетекші халықаралық қаржы институттарының сенімін айқындайды.

Бүгінгі таңда Қазақстан жасыл энергетиканы дамытуда елеулі әлеуетке ие. Сонымен қатар жалпы көлемі 4,8 миллиард АҚШ долларынан астам жаңартылатын энергия көздеріне салынатын жаңа инвестициялар экспорттық әлеуетімізді арттырып қана қоймай, өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Аталған келісім өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға, жасыл энергетиканы дамытуға және елдердің жаһандық энергетикалық жүйеге интеграциялануына ықпал ететін стратегиялық маңызға ие.

Құрметті әріптестер, аталған заңды толықтай қолдаймын және сіздерді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Әзербайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған үшжақты келісім елдер арасында жасыл энергетиканы дамыту жолындағы бірлескен жұмысты айқындайды. Оның тиімділігін арттыру үшін тараптар арнайы басқарушы комитет пен жұмыс топтарын құрады.

Жалпы, бұл құжатты мақұлдау елімізде жаңартылатын энергия саласын дамытуға және өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қарауларыңызға «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Аталған келісімге 2023 жылғы 8 маусымда Сочи қаласында қол қойылды. Оның негізгі мақсаты радиациялық жағдайды мониторингтеу деректерімен жүйелі түрде алмасу, оларды талдау және болжау арқылы мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру, сондай-ақ ядролық және радиациялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету болып саналады.

Келісім ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы радиациялық ахуалдың жай-күйі және оның өзгерістері туралы деректерді ұсыну және алу мәселелеріне қатысты құқықтық қатынастарды реттейді. Бұл өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған маңызды құқықтық тетік.

Ақпараттық өзара іс-қимыл аясында тараптардың уәкілетті органдары:

мониторинг деректерімен тұрақты және үздіксіз алмасуды;

ұсынылған ақпараттың анықтылығы мен дәйектілігін;

күтпеген жағдайлар туындаған кезде ақпаратты ұсыну мүмкін еместігі туралы уақытылы хабарлауды;

аталған мәліметтерді тек осы келісім шеңберінде пайдалануды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар әрбір мемлекет деректер алмасуға қажетті техникалық және бағдарламалық құралдармен өзін-өзі қамтамасыз етеді, әрі ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау шараларын дербес айқындайды.

Келісім шеңберінде деректер алмасудың бірыңғай тәртібі әзірленіп, ол ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің атом энергиясын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі комиссиямен бекітіледі. Бұл тәртіпке радиациялық жағдай параметрлері бойынша ұсынылған ақпараттың тізбесі, оның форматтары, архивтеу мерзімдері, регламенті, сондай-ақ уәкілетті органдардың байланыс деректері енгізіледі.

Айта кету қажет, бұл келісім тек мемлекеттік радиациялық мониторинг жүйесінің деректеріне ғана қатысты болады және атом энергиясын пайдалану объектілеріндегі радиациялық бақылау мәліметтеріне қолданылмайды.

Жалпы алғанда, келісімді іске асыру республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығынды талап етпейді және қандай да бір теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкелмейді.

Қаралып отырған заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі комитет Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған келісім радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі ТМД-ға мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылының құқықтық және ұйымдастыру негіздерін белгілейді. Бұған тұрақты түрдегі алмасу да, сондай-ақ радиоактивті заттардың трансшекаралық тасымалына байланысты төтенше жағдайлар кезіндегі өзара іс-қимыл да кіреді. Осыған орай менде келесідей сұрақтар бар.

Бірінші. Тараптардың уәкілетті органдарына радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасудың тұрақтылығын, сенімділігін және уақыттылығын қамтамасыз ету бойынша нақты қандай міндеттемелер жүктеледі?

Екінші. Радиоактивті заттардың трансшекаралық тасымалы барысында қауіптің төнуі немесе туындауы кезінде радиациялық жағдай мониторингінің жүйелерінен алынатын деректерді алмасу қандай жағдайларда және қандай шарттар негізінде жүзеге асырылады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Әлиев Жомарт Шияпұлы, жауап беріңіз.

ӘЛИЕВ Ж.Ш. Рақмет сұрағыңызға.

Жаңа Арман Кәрімұлы айтып кетті, келісім атом энергиясын пайдалану объектілерінің өнеркәсіп деректеріне қолданылмайды, бірақ әр мекеменің өзінің мониторинг бойынша жүргізетін бағдарламалары бар, сол бойынша олар ақпарат береді. Ал енді стандартты келісім толығымен ядролық және радиациялық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы халықаралық нормаға сәйкес келтірілген.

Экология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бүкіл бекеттерінде (селитебные пункты) өздерінің мониторинг өткізетін станциялары бар. Солардан бүкіл ақпарат алынып, сол ақпаратты бекітілген регламент бойынша керек органдарға жеткізу реттелген.

ТӨРАҒА. Осы салада «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының тиісті инфраструктурасы, тиісті қондырғылары, тиісті мамандары бар ғой?

ӘЛИЕВ Ж.Ш. Мәулен Сағатханұлы, қазіргі уақытта «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнында 132 бекет жұмыс жасайды. Бүкіл керек құрал-жабдығы, құрылғылары (прибор) толық жұмыс істеп тұр. Мамандар регламент бойынша жұмыс жасап, ақпарат беріліп жатыр. Бұл келісім бізге заңдық негіз жасап, ақпарат алмасу үшін керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкіліне.

Құрметті Жомарт Шияпұлы, қаралып отырған ратификациялау заңының шеңберінде министрлік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингі деректерімен алмасатын болады деп көрсетілген.

Бүгінде радиациялық фон деңгейіне мониторинг министрліктің «Қазгидромет» ұлттық қызметі арқылы жүзеге асырылып жатыр. Сұрақтарым осыған байланысты.

Қазіргі таңда «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілу деңгейі қандай және олар заманауи талаптарға сәйкес келеді ме?

Жаңа өзіңіз айтып отырғандай, 132 бекет жұмыс жасап жатыр, бірақ бұл жерде біраз заманауи талаптарға сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесі толық шешімін таппай отыр.

Жүктелген міндеттемелерді сапалы орындау барысында жабдықтарды жаңғыртуға, цифрландыруға және ТМД мемлекеттерімен жүйені интеграциялауға қажетті шығыстардың болжамы бар ма? Егер бар болатын болса ақпарат берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жомарт Шияпұлы, жауап беріңіз.

ӘЛИЕВ Ж.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Жаңа бірінші сұраққа жауап беру барысында айтып кеттік, бүгінгі таңда «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны радиациялық жағдайға мониторинг жүргізу үшін қажетті техникалық құралдар жиынтығымен қамтамасыз етілген. Қолданылатын аспаптар ұлттық және халықаралық талаптар мен әдістерге сәйкес келеді.

Қосымша қаржы керек емес, бүгінгі күні сол ақпаратты ішкі мемлекеттік органдарға, келісімшарт бойынша сыртқа, яғни ТМД-ге қатысушы мемлекеттердің органдарына толық жеткізу үшін жұмыс істеп жатқан мониторинг жүйесінің техникалық қуаты жеткілікті. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің де сұрағым Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкіліне.

Рассматриваемое соглашение является логическим продолжением ранее принятых международных обязательств нашей страны. В частности, оно опирается на положения Закона Республики Казахстан от 1 февраля 2021 года «О ратификации Соглашения о взаимодействии государств – участников СНГ по обеспечению готовности на случай ядерной аварии или возникновения радиационной аварийной ситуации и взаимопомощи при ликвидации их последствий», подписанного в Астане 2 ноября 2018 года.

В этой связи прошу Вас пояснить.

Насколько положения соглашения согласованы с международными стандартами в области ядерной и радиационной безопасности, включая рекомендации Международного агентства по атомной энергии и нормы Конвенции о раннем оповещении о ядерной аварии?

Каким образом обеспечивается баланс между оперативным обменом достоверной радиационной информацией и соблюдением требований государственной секретности?

Предусмотрены ли механизмы ответственности за предоставление недостоверной или несвоевременной информации? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жомарт Шияпұлы, жауап беріңіз.

ӘЛИЕВ Ж.Ш. Спасибо за вопросы.

Как ранее отмечалось, соглашение не распространяется на промышленные объекты, например, на атомные электростанции, ядерные институты исследований. Эти сведения остаются в компетенции других органов.

В соглашении прямо указано, что соглашение не распространяется на вопросы, связанные с предоставлением сведений, составляющих государственную тайну.

Что касается стандартов и регламентов. В процессе проработки в государственных органах соглашение приведено в полное соответствие с международными требованиями, соответственно, с требованиями МАГАТЭ в части ядерной и радиационной безопасности.

Необходимо отметить, что соглашение полностью прошло внутренние процедуры, согласование со всеми государственными органами.

Ответственность за предоставление недостоверной информации напрямую в соглашении не предусмотрена. Такие нормы есть в нашем внутреннем законодательстве, в том числе в Экологическом кодексе, в Регламенте работы РГП «Казгидромет».

В рамках этого соглашения есть конкретные в лице уполномоченного органа, есть структурные подразделения РГП «Казгидромет», есть непосредственные исполнители, которые участвуют в общей комиссии в ходе передачи информации.

Достоверность информации обусловлена тем, что на сегодня все приборы, все станции мониторинга прошли аккредитацию в соответствии с нашим внутренним законодательством с точки зрения проверки точности измерений. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Арман Кәрімұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутаты Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімі ұлттық қауіпсіздікті нығайту және заманауи қауіп-қатерлерге дайын болу үшін өте маңызды.

Ең алдымен Қазақстанда радиациялық бақылау жүйесі жақсы жолға қойылғанын атап өткен жөн. «Казгидромет» РМК республика бойынша радиациялық жағдайды тұрақты қадағалап отыр. Ел аумағындағы ондаған бекетте гамма-фон мен бета-белсенділікке қатаң бақылау жасалады.

2025 жылғы бақылау нәтижесі бойынша Қазақстандағы радиациялық деңгей бекітілген нормадан асқан жоқ. Бұл еліміздегі жағдайдың тұрақты әрі қауіпсіз екенін көрсетеді. Дегенмен радиациялық қауіпсіздік шекара таңдамайды. Радиоактивті заттардың ауа немесе су арқылы басқа елдерге таралу қаупі бар. Сондықтан бұл мәселеде халықаралық деңгейде бірлесіп жұмыс істеу қажет.

Осы орайда келісімді ратификациялау келесі мүмкіндіктерді береді:

мемлекеттер арасында сенімді ақпаратпен уақытылы алмасу;

радиациялық қауіп туындаған жағдайда тез әрекет ету;

алдын ала ескерту жүйесін күшейту;

халықты және қоршаған ортаны қорғау деңгейін арттыру.

Ақпарат алмасу жұмыстары қазіргі бар инфрақұрылым мен дайын механизмдер арқылы жүзеге асырылатынын ерекше атап өткім келеді. Бұған қоса Қазақстан бұл салада

халықаралық ынтымақтастыққа белсенді қатысып келеді. Сондықтан бұл келісімді қабылдау атқарылып жатқан жұмыстардың жалғасы болмақ. Сондай-ақ мәлімет алмасу кезінде ақпараттық қауіпсіздік толық сақталады. Ол үшін сенімді байланыс арналары мен ақпаратқа қол жеткізуді бақылау тетіктері қолданылады.

Қорыта айтқанда, бұл келісімді бекіту ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, халықаралық әріптестікті дамытуға және азаматтардың денсаулығын сақтауға тікелей ықпал етеді.

Құрметті әріптестер, мен бұл заңды қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған келісім ТМД елдері арасында радиациялық ахуалға жүргізілген мониторинг деректерімен тұрақты түрде алмасу үшін құқықтық негіз қалыптастырады. Бұл құжатты мақұлдау радиациялық қауіпсіздікті күшейтуге қосымша мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ халықтың денсаулығын қорғауды көздейтін саясаттың тиімділігін арттыруға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министріне.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзінде Қызылорда қаласындағы жаңа тарихи-өлкетану мұражайын өңірлердің мәдени және туристік инфрақұрылымын дамытуға заманауи және инновациялық тәсілдің үлгісі ретінде ерекше атап өтті. Оны құру кезінде іске асырылған шешімдер еліміздің басқа өңірлерінде осындай жобаларды енгізу үшін бағдар бола алатынына тоқталды.

2023 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен тұрақты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді, сондай-ақ Парламент Сенатының Қоғамдық жобалық кеңсесі, Maqsut Narikbayev University және Ақмола облысының әкімдігі бірлесіп іске асыратын акселераторды қоса алғанда, әзірленіп жатқан жобаларды жүзеге асыруды мониторингтеу жөніндегі парламенттік комиссия құрылды.

Көрсетілген бастама шеңберінде Ақмола облысының Зеренді ауылында Тұрақты даму мақсаттарының «Орнықты қалалар мен елді мекендер» 11-бағыты бойынша тарихи-өлкетану мұражайының құрылысы басталды, ол өңірдің қазіргі заманғы туристік кластер

визит-орталығының қызметтері бар креативті хаб құру үшін тұжырымдамалық негіз ретінде қарастырылады.

Тарихи-өлкетану мұражайы өңірдің тарихи-мәдени мұрасын сақтау, зерделеу және дәріптеу, тұрақты және уақытша экспозицияларды қалыптастыру, интерактивті және мультимедиялық форматтарды енгізу, сондай-ақ білім беру және ағарту бағдарламаларын іске асыру функцияларын орындайтын болады.

Визит-орталық туристерді ақпараттық сүйемелдеуді, өңірлік туристік маршруттарды жандандыруды, сондай-ақ мәдени және іс-шараларды үйлестіруді қамтамасыз ететін болады.

Креативті хаб өз кезегінде креативті және талантты адамдарды – жаттықтырушыларды, шеберлерді, дизайнерлерді, IT-мамандарды, медиа және мәдени ортаның өкілдерін біріктіретін алаңға айналады.

Ақмола облысы креативті индустриялар мен туризмді дамытудың елеулі әлеуетіне ие. Зеренді ауданы «Бурабай» және «Шалқар» курорттық аймақтары арасындағы туристік кластердің орталығында орналасқан. Бұл құрылатын нысанды өңірдің туристері мен қонақтары үшін навигация мен тартудың негізгі нүктесі, сондай-ақ аудан орталығының визит карточкасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Зеренді ауылында осындай орталықты құру креативті индустриялар саласындағы жұмыс орындарының санын едәуір арттырады, жастарға дизайн, IT, медиа және өзге де креативті бағыттар салаларында өзін-өзі жүзеге асыру, оқыту және жұмысқа орналастыру үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Бұл өз кезегінде жас мамандардың басқа өңірлерге кетуін азайтуға, салық түсімдерін арттыруға, сондай-ақ облыстың туристік және экономикалық әлеуетін нығайтуға ықпал ететін болады.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қолдауымен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде құрылысты бастауға республикалық бюджеттен 200 миллион теңге бөлінді. Жобаның жалпы құны 1 миллиард 170 миллион теңге болғандықтан қаржыландыру тапшылығы 878 миллион теңгені құрайды. Қазіргі уақытта қаржыландырудың болмауына байланысты жобаны іске асыру іс жүзінде тоқтатылды.

Жобаны қаржыландыру мақсатында 2025 жылы Ақмола облысының әкімдігі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне бірнеше рет бюджеттік өтінім жолдады. Алайда аталған өтінімдер бюджет қаражатының тапшылығына байланысты қолдау таппады.

Ақмола облысының субвенциялылығын және облыстық бюджеттің шектеулі мүмкіндіктерін ескеретін болсақ жоба әлеуетті ұзақ мерзімді құрылысқа айналатындай.

Құрметті Олжас Абайұлы, жоғарыда айтылғандардың негізінде Мемлекет басшысының тапсырмаларын және Тұрақты даму мақсаттары бойынша MIND бірінші акселераторының бастамаларын орындау үшін, сондай-ақ Ақмола облысының әлеуметтік-экономикалық өсуін қамтамасыз ету мақсатында Зеренді ауылындағы визит-орталығымен біріктірілген тарихи-өлкетану мұражайының құрылысын аяқтау үшін ағымдағы жылы арнаулы мемлекеттік қордан қаражат бөлуге жәрдем көрсетуді сұраймыз.

Депутаттық сауалды қарау нәтижелері туралы заңда белгіленген мерзімде хабарлауды сұраймыз.

Құрметпен, Т. Жүнісов, Ж. Асанов, Н. Бекенов».

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Ольга Валентиновна.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Уважаемый Олжас Абаевич! Кредитные товарищества являются одним из ключевых инструментов финансирования сельскохозяйственных товаропроизводителей в Республике Казахстан.

Развитие кредитных товариществ связано с деятельностью Аграрной кредитной корпорации, созданной в 2001 году. Она реализовала пилотный проект по формированию системы финансирования сельского хозяйства через объединение средств аграриев и государства, предусматривая последующее сокращение государственной доли в капитале товариществ.

Кредитные товарищества обеспечивают доступ сельхозпроизводителей к финансированию, предъявляют более гибкие требования к заемщикам по сравнению с банками второго уровня, играют важную социальную роль в сельских территориях.

В условиях ограниченного доступа аграриев к банковским ресурсам их значение сохраняется. Однако накопленные системные проблемы требуют комплексной оценки действующей модели.

В настоящее время государственная поддержка субъектов АПК осуществляется по различным каналам льготного финансирования. При этом отсутствует четкая сегментация получателей финансовых услуг.

Финансовые институты аграрного сектора действуют в условиях прямой конкуренции, при этом кредитные товарищества находятся в наименее выгодном положении. Для получения займа через кредитные товарищества заемщик обязан внести взнос в уставный капитал и нести солидарную ответственность по обязательствам товарищества.

Кроме того, в отличие от других институтов, кредитные товарищества не располагают собственными ресурсами и зависят от финансирования Аграрной кредитной корпорации. Такой подход не стимулирует развития малых хозяйств и не формирует адресной поддержки наиболее уязвимых категорий заемщиков.

По состоянию на сегодня в Казахстане функционирует более 200 кредитных товариществ, значительная часть которых работает преимущественно за счет государственных ресурсов.

Согласно данным налоговых источников, из 218 кредитных товариществ около 66 имели непокрытые убытки, при этом 96,6 процента всей нераспределенной прибыли приходилось примерно на 20 крупнейших товариществ. Это свидетельствует о высокой концентрации финансовой эффективности и о неустойчивости значительной части системы.

В отличие от банков второго уровня, кредитные товарищества не обладают устойчивой ресурсной базой, не имеют развитых механизмов риск-менеджмента, ограничены в финансировании крупных и долгосрочных проектов.

В то же время банки не готовы полноценно кредитовать малый агробизнес ввиду высоких рисков, низкой маржинальности и недостаточного залогового обеспечения.

Таким образом, кредитные товарищества восполняют институциональный разрыв между аграрным сектором и банковской системой. Однако более 20 лет в этой сфере так и не сформировалась самостоятельная устойчивая рыночная модель.

Сохранение действующей модели без изменений может привести к:

- снижению эффективности бюджетных расходов;
- усилению зависимости агросектора от государственной поддержки;
- отсутствию стимулов к повышению финансовой дисциплины;
- ограниченному структурному развитию сельской экономики;
- рискам невозврата бюджетных средств участниками кредитных товариществ.

Вместе с тем ликвидация кредитных товариществ без альтернативных инструментов создаст риски ухудшения доступа фермеров к финансированию и роста социально-экономической напряженности в сельских регионах.

Уважаемый Олжас Абаевич, для трансформации системы кредитных товариществ в полноценный институт развития села и запуска рыночных механизмов финансирования АПК просим рассмотреть реализацию следующих мер.

1. Совершенствование законодательства, инициировать внесение изменений и поправок, расширяющих спектр финансовых услуг.
2. Консолидация, укрупнение и объединение финансово слабых кредитных товариществ.
3. Усиление фондирования, рассмотреть возможность участия местных исполнительных органов в различных программах кредитных товариществ.
4. Разработать и реализовать программу поддержки кредитных товариществ на региональном уровне посредством их докапитализации.
5. Снижение бюджетной зависимости, постепенное привлечение частного капитала, развитие партнерства с банками второго уровня и другими финансовыми институтами.
6. Повышение прозрачности и управления, введение стандартов корпоративного управления, цифровой отчетности.

В целом для развития кредитных товариществ необходима системная и согласованная государственная политика. Несмотря на реализуемые меры господдержки, они носят фрагментарный характер, отсутствует долгосрочная стратегия с четкими целями и задачами.

Правительство должно обратить внимание на эти проблемы, провести комплексные изменения и принять системные решения.

С уважением, депутаты Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий, депутаты Сарыбаев, Есбай». Рақмет.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, Ольга Валентиновна.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! Развитие физической культуры и спорта для лиц с инвалидностью, в том числе детей с ограниченными возможностями, является важным направлением государственной социальной политики, напрямую влияющим на качество жизни граждан и уровень их социальной интеграции.

31 марта 2026 года в Сенате с участием спикера Сената состоялось заседание Совета по инклюзии на тему «Физическая культура и спорт как механизм социальной реабилитации и инклюзии».

В ходе мероприятия были всесторонне рассмотрены вопросы развития инклюзивного спорта и социальной интеграции лиц с инвалидностью.

Особую актуальность данным вопросам придают поручения Главы государства. В Послании народу Казахстана обозначена задача развития человеческого капитала и повышения качества жизни, в том числе через расширение доступности социальной и спортивной инфраструктуры.

Кроме того, поставлена задача создания центров инклюзивного спорта во всех регионах страны.

При наличии положительной динамики следует отметить, что уровень вовлеченности лиц с инвалидностью, включая детей с ограниченными возможностями, в занятия физической культурой и спортом остается недостаточным. По данным уполномоченного органа, в стране проживает порядка 743 тысяч лиц с инвалидностью. Вместе с тем регулярными занятиями спортом охвачена лишь часть данной категории граждан.

Анализ показывает, что сдерживающие факторы носят комплексный характер.

Сохраняется ограниченная доступность спортивной инфраструктуры, при которой часть объектов не обеспечивает возможности полноценного использования лицами с инвалидностью.

Кадровое обеспечение также остается недостаточным: подготовка специалистов в области адаптивной физической культуры и спортивной медицины не выстроена в единую систему.

Имеют место межрегиональные различия в доступе детей и молодежи к занятиям физической культурой и спортом, что ограничивает равные возможности.

Дополнительно следует отметить недостаточный уровень информированности населения, а также наличие нормативных и организационных ограничений, включая вопросы финансирования, сопровождения и реализации программ и социальных проектов.

Отдельного внимания требует вопрос трудовой интеграции. Практика показывает наличие пробелов в обеспечении трудовых прав лиц с инвалидностью, что требует системного решения в рамках формирования инклюзивного рынка труда.

В совокупности указанные факторы требуют перехода к системной модели развития инклюзивного спорта.

С учетом вышеизложенного Правительству Республики Казахстан предлагаются следующие меры:

реализация поручения Президента по созданию центров инклюзивного спорта во всех регионах с определением единых подходов к их деятельности и финансированию;

развитие кадрового потенциала в сфере адаптивного спорта и реабилитации, включая интеграцию спортивной медицины в систему здравоохранения;

расширение охвата детей с особыми образовательными потребностями занятиями физической культурой за счет повышения доступности спортивной инфраструктуры;

совершенствование нормативно-правовой базы и упрощение процедур реализации социальных проектов;

усиление мер по обеспечению трудовых прав лиц с инвалидностью;

развитие транспортной доступности, включая увеличение количества адаптированных пассажирских мест.

Все это позволит увеличить вовлеченность лиц с инвалидностью, включая детей с ограниченными возможностями, в занятия физической культурой и спортом и повысить эффективность проводимой государственной политики.

Информацию на поставленные вопросы просим предоставить в установленный законом срок.

Депутаты Аргынбекова, Айткенов, Асанова, Есбай, Каниев, Ниязова, Орынбасаров, Рахметова». Благодарю.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлөндіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Ольга Валентиновна.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бектенов Олжас Абайұлына жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы Шетелдік инвесторлар кеңесінде сөйлеген сөзінде «Университеттердің өсуі мен тиімділігінің іргелі тетігі – автономия болуы тиіс», – деп атап айтты.

Жаһандық білім беру кеңістігінің трансформациясы жағдайында университеттер білім генерациясының, инновациялар мен экономикалық өсудің орталықтарына айналууда. Бұл объективті түрде кеңейтілген жүйелі автономияға – академиялық, қаржылық-экономикалық, кадрлық және ұйымдастырушылық дербестікке негізделген басқарудың икемді, өзін-өзі реттейтін модельдеріне көшуді талап етеді. Осы модельде жұмыс істейтін әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттер халықаралық рейтингте топ-200 оқу орындарына кіреді. Мысалы, Ресей Федерациясында 50, Өзбекстан Республикасында 35, Қырғыз Республикасында 9 жетекші университетке ресурстарды басқаруда кеңейтілген дербестікті көздейтін ерекше мәртебе – автономды мекеме санаты берілген.

Қазақстанда жоғары оқу орындарының автономиясын кеңейту заңдық негізде 2018 жылдан басталған болатын. Алайда жүргізілген талдауларға сәйкес қабылданған шаралар уақытша сипат алған, шын мәнінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында толыққанды дербестік қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар институционалдық кедергілер мен тиімді басқарудың төмендігі қазақстандық университеттердің халықаралық ғылыми жарияланымдар жасау мен зерттеу жобаларындағы үлесін төмендетеді. Аталған мәселе коммерциялық емес ұйым нысанында жұмыс істейтін ұлттық зерттеу университеттері үшін өте өзекті.

Қазақстанда кеңейтілген автономияның табысты үлгісі ретінде Назарбаев Университеті қызмет етуде және дербестікке негізделген модельдің тиімділігін дәлелдейді. Алайда бұл тәжірибе елдің басқа жетекші оқу орындарында қарастырылмаған. Мемлекетімізде автономды ғылыми білім беру орталықтары ретінде жұмыс істей алатын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық білім ордасы сияқты бірнеше университет пен институт бар. Олар әлі де артық нормативтік реттеу жағдайында жұмыс істейді. Оқу орындары үшін қолданыстағы модельді сақтау болашақта нақты, әрі болжамды тәуекелдерге әкеледі.

Әлемдік рейтингтердің топ-200 қатарына кіретін Қазақстан университеттерінің саны шектеулі. Бұл жаһандық білім беру жүйесіндегі мемлекетіміздің бәсекелік тұғырын төмендетеді. Шетелдерге жыл сайын студенттер мен жас ғалымдардың кетуі ғылым мен экономикада ұзақ мерзімді кадрлық теңгерімсіздікке алып келуі мүмкін. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерімен салыстырғанда ғылыми зерттеулерге тартылатын жеке инвестициялар мен гранттардың деңгейі айтарлықтай төмен. Университеттік ғылым саласында ғылыми жаңалықтарды, жобаларды коммерцияландыру үлесі төмен болуына байланысты инновациялық экономиканың қалыптасуын баяулатады.

Сақталып отырған әкімшілік басқару жүйесі шешім қабылдауда көп мерзімді қажет етеді, университеттердің жаңа технологиялық өзгерістерге жедел бейімделуіне мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар шетелдік университеттер мен олардың филиалдарының жоғары дәрежелік автономды және тиімді қаржыландыру жүйесі бәсекенің күшеюіне әкелуде. Қолданыстағы модель басқару, инвестиция тарту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және ғылыми эзірлемелерді коммерцияландыру мүмкіндіктерін шектейді.

Бүгінгі таңда өркениетті мемлекеттер ауқымды ақпараттық технологияларға негізделген «Білім экономикасына» бағыт алып, инновациялық серпіліс жасауда.

Құрметті Олжас Абайұлы! Осыған байланысты жоғарыда айтылғандарды ескере отырып:

1) автономды білім беру ұйымдары институтын кеңейтуді қарастыратын, коммерциялық емес ұйым нысанында жұмыс істейтін ұлттық зерттеу университеттеріне осы мәртебені таратуды көздейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, кешенді талдау жүргізуді;

2) автономияны тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін ілеспе тетіктерді, оқу орындарының деңгейіне қарай сараланған автономия моделін енгізуді, мемлекет пен жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимылдың келісімшарттық жүйесіне көшуге, эндаумент-қорларды дамытуды, кеңестердің қызметін жетілдіруді, кадрлық және қаржылық дербестікті кеңейтуді, сондай-ақ ғылыми эзірлемелерді коммерцияландыру және халықаралық мамандарды тарту үшін жағдайлар жасауға тапсырма беруіңізді сұраймыз.

Сізге депутаттық сауалдың толық мәтіні жолданады және оны қарау бойынша заңда белгіленген мерзімде жауап күтеміз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ғ. Сарыбаев, С. Дүйсембинов, С. Ершов, А. Есбай, Б. Жексенбай, Н. Жүсіп, М. Қожаев, А. Нұғманов, Б. Орынбасаров, А. Сатвалдиев, Г. Шиповских». Рақмет.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Ольга Валентиновна.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! Фитосанитарная безопасность Республики Казахстан в текущих условиях напрямую влияет на устойчивость агропромышленного комплекса и экспортные позиции страны. При значительных объемах поставок любые сбои в системе контроля приводят не только к возврату продукции, но и формируют долгосрочные репутационные риски для отечественного экспорта.

В этой связи ситуация требует оценки не как частной отраслевой проблемы, а как системного вопроса экономической устойчивости.

В 2025 году в сравнении с 2024 годом количество выявленных карантинных объектов при ввозе подкарантинной продукции увеличилось в два раза, в 2025 году в рамках государственного контроля зафиксировано более 3 600 нарушений.

Особую обеспокоенность вызывает тот факт, что только за 2025 год официально выявлено около 140 случаев выявления карантинных объектов в импортной продукции, что свидетельствует о системном характере рисков.

При этом фактическая нагрузка остается высокой, достигая в среднем более 500 тысяч оказываемых государственных услуг в год, с учетом экспортно-импортных потоков, которые увеличиваются ежегодно, тогда как кадровая и организационная обеспеченность не соответствует этим объемам. Из 2 500 специалистов территориальных подразделений Комитета государственной инспекции в АПК менее 10 процентов имеют профильное образование по направлению «защита и карантин растений», что недостаточно в этих условиях.

На этом фоне изношенность лабораторного оборудования, неравномерность инфраструктуры по регионам снижают оперативность и достоверность контроля.

Материально-техническая база во многих пунктах не соответствует элементарным нормам: отсутствуют холодильные камеры для хранения продукции и крытые площадки для проведения фитосанитарной проверки, что делает требования прохождения экспертизы зачастую невыполнимыми и приводит к убыткам.

Дополнительно ситуация осложняется отсутствием прослеживаемости при перемещении продукции растительного происхождения. Действующая регуляторная модель также не обеспечивает необходимой эффективности.

Применение единых процедур вне зависимости от уровня риска приводит к избыточной нагрузке на участников внешнеэкономической деятельности и снижает скорость экспортных операций. Такой перекоп приводит к тому, что основные ресурсы контроля сосредоточены на документальном оформлении, в то время как реальные биологические угрозы остаются вне фокуса внимания.

Несмотря на законодательный запрет использования ГМО в растениеводстве, фактический контроль за ввозом и оборотом таких семян остается формальным. Причиной тому является отсутствие полноценной лабораторной инфраструктуры и современного ПЦР-оборудования, без которого обеспечить фитопатологическую экспертизу на должном уровне невозможно.

На сегодня действующие меры административной ответственности не обеспечивают должного превентивного эффекта. Сегодня штрафы несоизмеримы потенциальному ущербу, что делает нарушение правил экономически более выгодным, чем их строгое соблюдение. Это подрывает дисциплину участников внешнеэкономической деятельности.

Таким образом, складывается ситуация, при которой установленные требования не обеспечены кадровыми, инфраструктурными и технологическими возможностями, что требует системного вмешательства на уровне Правительства.

Уважаемый Олжас Абаевич, учитывая изложенное, просим Вас рассмотреть возможность принятия комплексных мер, направленных на приведение системы фитосанитарного контроля в соответствие с фактической нагрузкой и требованиями внешних рынков, включая:

1) усиление кадрового потенциала фитосанитарной службы, включая восстановление полноценной специализированной подготовки и включение направления «фитосанитария» в государственный классификатор образовательных программ;

2) проведение поэтапной модернизации материально-технической базы, устранение региональных дисбалансов, а также оснащение лабораторий современным оборудованием для контроля за ГМО и инфекциями;

3) завершение цифровой трансформации с обеспечением полной прослеживаемости продукции и стабильного интернета на всех карантинных постах.

Полный текст депутатского запроса будет направлен дополнительно.

С уважением, депутаты Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий».

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 9 сәуір

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Әзербайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о стратегическом партнерстве в области производства и передачи зеленой энергии между Азербайджанской Республикой, Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы С.Т. АЛДАШЕВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству АЛДАШЕВА С.Т. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰҒМАНОВ Е.Ш. 3

ЖАРКЕШОВ С.С. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетика Республики Казахстан 3

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. 3

ЖАРКЕШОВ С.С. 4

ҚАДЫРБЕК М.Б. 5

ЖАРКЕШОВ С.С. 5

АҚҚОЖИНА Б.Б. 6

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о взаимодействии государств – участников СНГ при обмене данными мониторинга радиационной обстановки», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі А.К. ӨТЕҒҰЛОВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий УТЕҒҰЛОВА А.К. 7

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АСАНОВА Ж.Б.	8
ӘЛИЕВ Ж.Ш. – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	9
ОРЫНБЕКОВ Б.С.	9
ӘЛИЕВ Ж.Ш.	10
ЖҮНІСОВ Т.Т.	10
ӘЙТКЕНОВ Е.Н.	11

Депутат Т.Т. ЖҮНІСОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ЖУНУСОВА Т.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	12
--	----

Депутат С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБИНОВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	14
---	----

Депутат А.С. АРҒЫНБЕКОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата АРҒЫНБЕКОВОЙ А.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	15
--	----

Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Ғ.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	17
--	----

Депутат Е.Н. ӘЙТКЕНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы Депутатский запрос депутата АЙТКЕНОВА Е.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	19
--	----

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева